

**ЧИСТАЯ**  
**КОМПАНИЯ**



**Чистая Компания** - официальный  
дистрибьютор немецкого концерна Alfred  
KARCHER GmbH

**8 (800) 250-39-39**



[www.chisto.ru](http://www.chisto.ru)















# SV 1902



5.964-065.0







## Мазмұны

|                                   |       |
|-----------------------------------|-------|
| Жалпы нұсқаулар . . . . .         | КК 5  |
| Бұйым сипаттамасы . . . . .       | КК 6  |
| Қауіпсіздік туралы нұсқаулар. . . | КК 7  |
| Дайындық . . . . .                | КК 9  |
| Қолдану . . . . .                 | КК 9  |
| Жабдықтарды қолдану . . . . .     | КК 12 |
| Күту, жөндеу . . . . .            | КК 14 |
| Кедергілер болғанда көмек алу. .  | КК 15 |
| Техникалық мағлұматтар . . . . .  | КК 15 |

## Жалпы нұсқаулар

### Құрметті тұтынушы,



Бұйымды алғашқы қолдану алдында пайдалану нұсқауын мұқият оқып шығыңыз, нұсқауларды орындап, кейінгі пайдалану үшін немесе осы аппаратты кейін пайдаланатын тұлғалар үшін сақтап қойыңыз.

### Бұйымды мақсатына сәйкес қолдану

Бұл бұйымды үй шаруашылығына ғана қолданыңыз.

Бұйымды бу жасау үшін және нұсқаулықта көрсетілгендей сұйықтықтар мен қатты бөлшектерді сору үшін осы пайдалану нұсқауында көрсетілгендей жасалған.

Бұйым шығарушы, мақсатына сәйкес келмеген қолдану немесе қате қолдану арқылы пайда болатын зияндар үшін кепілдеме бермейді.

### Қолдану туралы нұсқаулықтағы символдар мен белгілер

#### **Қауіп**

Бұл белгі тікелей түрде түсе алатын қауіпті білдіреді, осы қауіп ауыр дене жаралануына және ажалды апаттарға апаруы мүмкін.

#### **Сақтандыру**

Бұл белгі мүмкін болып қалатын бір жағдайды көрсетіп білдіреді, осы қауіп ауыр дене жаралануына және ажалды апаттарға апаруы мүмкін.

## Сақтық нұсқауы

Бұл белгі мүмкін болып қалатын қауіпті бір жағдайды көрсетіп білдіреді, осы қауіп жеңіл дене жаралануына немесе заттар мен бұйымдарға зиян түсуіне апаруы мүмкін.

### Бұйымдағы символдар мен белгілер



#### **Бу**

Назар аударыңыз – ыстық будың күйдіру қаупі бар

### Қаптама ішіндегі бөлшектер

Сіздің бұйымыңыздың жеткізілу көлемі қорапшада бейнеленген. Бұйым қорапшасын ашқанда қорапша ішіндегі бұйым мен бөлшектерінің толық және бұзылмаған түрде болғандығын тексеріп алыңыз.

Егер кейбір жабдықтар жоқ болса немесе тасымалдау кезіндегі ақаулар болса, аппаратты сатқан фирманы хабардар етіңіз.

### Қоршаған ортаны қорғау



Қаптау материалдары екінші өңдеуге жарамды. Қаптаманы үй қоқысына лақтырмауыңызды сұраймыз, оларды екінші өңдеу үшін бөлек қойыңыз.



Өз мерзімін аяқтаған құралдарда бағалы, екінші өңдеуге жарамды материалдар бар. Сондықтан қолданылған және ескі бұйымдарды арнайы іріктеп жинау жүйелері арқылы қалдықтарға тапсыруыңыз лазым.

### Құрамындағы заттар туралы анықтамалар (REACH)

Бұйымның құрамындағы заттар туралы соңғы мағлұматтарды астыда көрсетілген интернет беттерімізде оқи аласыз:


<http://www.karcher.de/de/unternehmen/umweltschutz/REACH.htm>

## Кепілдеме

Бұйымдарымыз үшін әр елде жауапты өтім серіктестеріміз тарапынан шығарылатын кепілдеме шарттары күште болады. Егер материалдардың ақаулығы немесе дайындау барысындағы қателіктер табылса, біз ықтимал ақаулықтарды кепіл мерзімі ішінде ақысыз жөндейміз. Кепіл мерзімі ішінде наразылықтарыңыз болса, аспапты сатқан сауда мекемесіне немесе жақындағы өкілетті сервистік қызмет көрсету орнына сатып алу чегін көрсетіп, хабарласыңыз.  
(Мекенжайы артқы жағында берілген)

## Бұйым сипаттамасы

Суреті бар беттерін жайып ашыңыз!



- 1 Негізгі қосқышы
- 2 Бу қазанның қосқышы
- 3 Бақылау шамы - Су аздығы
- 4 Бақылау шамы - Қысым индикаторы
- 5 Бақылау шамы - Сорғыту күші
- 6 Тасымалдау тұтқасы, қайырмалы
- 7 Су резервуарының суармалы келте құбыры
- 8 Бу жіберуді реттеу
- 9 Бұйымның электр розеткасы қақпағымен
- 10 Ауа шығу саңылауы
- 11 Роликтер
- 12 Желілік кабелі
- 13 Желілік кабелі үшін орны
- 14 Қою үшін ұстаушы
- 15 HEPA сүзгісі
- 16 HEPA-сүзгіні шығару тұтқышы
- 17 Су сүзгісі сауыты
- 18 Су сүзгісі сауытының тұтқасы
- 19 Су сүзгісі ендіріме
- 20 Су сүзгісінің қақпақшасы
- 21 Формаланған кеуекті сүзгі

22 Микроперфорациялық тесіктер бар сүзгісі

23 Бұрылғыш

## Жабдықтар

- A Ұстау тұтқасы  
A1 - Жабдықтарға арналған алмалы-салмалы төлке  
A2 - Балалардың қосуынан қорғау  
A3 - Түймешегі Сорғытып у  
A4 - Түймешегі Бумен өңдеу  
A5 - Жабдықтардың бекіткіші
- B Буды сору шлангісіні  
B1 - Бу штекері  
B2 - Бу штекерің бекіткіші
- C Булы сору түтіктері  
C1 - Жабдықтардың бекіткіші
- D Еден жууға арналған шүмегі  
D1 - Қылды тілімшелер  
D2 - Эбонитті тілімшелер  
D3 - Резіңке тілімшелер
- E Булы сору нүктелі ағын шүмегі  
E1 - Ұзартқыш  
E2 - Цилиндрлік қылшағы
- F Булы сору қол шүмегі  
F1 - Кішкентай қылшағы (130 mm)  
F2 - Үлкен қылшағы (200 mm)  
F3 - Қылшақтары бар диск  
F4 - Түкті матадан жасалған тысқап
- G Жұмсақ жиһаздарды сору үшін шүмек
- H Жапсарлар үшін шүмек
- I Қосалқы тығыздауыштар (дөңгелек кесіндінің тығыздауыштар топтамасы)
- J Су резервуары мен құбырларды тазалауға арналған қылшақ
- K Көпіршік болдыртпаушы (FoamStop)

## Қауіпсіздік туралы нұсқаулар

Қауіпсіздік ережесін Пайдалану нұсқауындағы ережелермен қоса, жалпы заңды қауіпсіздік және жазатайым оқиғаны алдын алу талаптарын сақатаған жөн. Осы нұсқаулықтарға қарсы жасалған кез келген қолданыс кепілдің жойылуына әкеледі.

### ⚠ Қауіп

- Жарылу қаупі бар жерлерде пайдалануға тыйым салынады.
- Қауіпті аймақта бұйымды қолдану кезінде тиісті қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.
- Суы бар жүзу бассейнінде аппаратты қолданбаңыз.
- Пеш, асхана сорғышы, шағын толқынды пеш, теледидар, фен, электр қыздырғышы сияқты электрлі аспаптарды тазалау үшін бұйымды қолданбаңыз.
- Пайдалану алдында бұйым мен жабдықтардың дұрыстығын тексеріңіз. Егер қызметі ойдағыдай болмаса, қолдануға тыйым салынады. Электр тоққа қосу кабелдерін, қауіпсіздік қалпақшасын және бу беру шлангісін ерекше тексеруден өткізіңіз.
- Бұзылып қалған кабелдерін дереу түрде осы жұмыстар үшін рұқсаты бар арнайы мамандар арқылы ауыстыртып алуыңыз тиіс.
- Бұзылып қалған жоғары қысымды бу беру шлангісін дереу түрде ауыстыртып алуыңыз тиіс. Бұйым шығарушы тарапынан рұқсат етілген ғана бу беру шлангісі қолданылуы тиіс.
- Кабель ашасы мен электр розеткасын ешқашан ылғалды қолмен ұстамаңыз не түртпеңіз.
- Ешқашан аспапты жалаңаяқ қоспаңыз.
- Егер штепсельді айыр розеткаға қосылып тұрса, ешқашан бұйымды

су қолмен ұстамаңыз.

- Ешқашан бұйымды суға немесе басқа да сұйықтықтарға қоймаңыз.
  - Құрамында қауіпті заттары бар бұйымдарды бумен тазаламаңыз (мысалы, таскөндір).
  - Жақын аралықтан бу ағынына қолыңызды тигізбеңіз және оны адамдар немесе жануарларға қарай бағыттамаңыз (ыстық будың күйдіру қаупі бар).
- ### ⚠ Сақтандыру
- Бұйымды тек электршінің IEC 60364 стандартына сәйкес қондырған электр розеткасына қосуға болады.
  - Бұйымды тек қана ауыспалы тоққа қосыңыз. Тоқ кернеуі бұйымның түрі белгісіндегі көрсетілген кернеуіне сәйкес болуы тиіс.
  - Ылғалды бөлмелерде, мысалы, ванна бөлмелерінде, бұйымды арнайы FI қауіпсіздік ажыратып-қосқышымен розеткаға қосу тиіс.
  - Жарамсыз ұзарту кабелдерін қолдануы қауіпті болуы мүмкін. Ұзартқыш ретінде тек су бүркіндісінен сақтайтын кемінде 3 x 1 кв.мм көлденең қималы кабельді пайдаланыңыз.
  - Электр ашасы мен ұзартқыш жалғауы суда жатпау керек.
  - Электр тоққа қосу кабелі немесе ұзартқыштағы жалғау муфталарын алмастыру кезінде бүркіндіден сақталуын және механикалық беріктікті қамтамасыз ету қажет.
  - Пайдаланушы бұйымды нысанына байланысты қолдану керек. Бұйыммен жұмыс істеу кезінде жергілікті ерекшеліктерге назар аударуы керек, жақында жүрген адамдарды ескеруі қажет.
  - Бұл бұйымды физикалық, сенсорлық немесе ақыл есі шектелуі бар адамдар (осылардың ішінде балалар да) тарапынан, немесе керекті білім не тәжірибесі болмаған адамдар

тарапынан қолданбауы лазым, ал осылар арнайы дайындалған не оқытылған мамандар тарапынан бақылау астында болып немесе оларға осы мамандар тарапынан бұйыммен жұмыс істеу тәсілі көрсетіліп, анықталып берілгенде қолдануы мүмкін. Бұйыммен ойнауға жол бермеу үшін, бұйым жанындағы балаларды бақылап отыру лазым.

- Бұйымды ешқашан қосулы күйінде қалдыруға болмайды.
- Электр розеткалары бар кафельді қабырғаларды тазалау кезінде қауіпсіздікті сақтаңыз.
- Бұйыммен қышқылдар мен сілтілерді сормаңыз, себебі олар аспапқа зиян келтіреуі мүмкін. Бұйыммен бұйымның ішкі бөлшектерімен қатынас кезінде жарылып кететін жарылғыш ұнтақтарды немесе сұйықтықтарды сормаңыз.
- Улы заттар сормаңыз.
- Жанғыш немесе тұтанғыш заттарды сормаңыз, мысалы тұқылдар, күл немесе басқа жанғыш немесе тұтанғыш заттар.
- Гипс, цемент ұқсас материалдар сормаңыз, сумен қатынас кезінде олар қатаюлары мүмкін.
- Егер бұйым құласа, онда оны танылған қызмет көрсету қызметі тексеру қажет, себебі аспап қауіпсіздігін төмендететін ішкі ақаулықтар пайда болулары мүмкін.

### **Сақтық нұсқауы**

- Электр тоққа қосу кабелі мен ұзартқыштың қиылу, қысылу, созылу және т.б. нәтижесінде пайда болған ақаулардың болмауын қадағалау керек. Электр кабелдер ыстықтың, майдың әсерінен және өткір қырлардың зақымдануынан сақтаңыз.
- Сумен толтыру уақытында бұйымды міндетті түрде электр тоғынан шығарып, электр ашасын

розеткадан шығарылып алынуы тиіс.

- Су резервуарына еріткіштерді, еріткіші бар сұйықтықтарды және де араластырылмаған қышқылдарды (мысалы, жуғыш заттар, жанармай, бояуларға арналған еріткіш немесе ацетон) құюға тыйым салынады, әйтпесе, бұйымның жасалған материалдарына зиян келтіруі мүмкін.
- Бұйым тұрақтылықты сақтайтын жерде тұруы қажет.
- Жылуға сезімтал төсемдерге ыстық бұйымды қоймаңыз.
- Бұйымды қосылып тұрған асүйлік плита, электрплитасы немесе басқа жылу көздерінің қасында қалдырмаңыз.
- Батырмаларды басуда тым артық күш салмаңыз, сонымен қатар үшкір заттарды, т. б. пайдаланбаңыз.
- Бұйымды сипаттамаға немесе суретке сәйкес қана қолдану және сақтау қажет!
- Жұмыс барысында Бу берудің деңгей реттегішін бекітуге болмайды.
- Бұйымды қуат көзі желісінен шығарудан бұрын, оны негізгі ажыратқыштан өшіріңіз.
- Бұйымды қуат көзі желісінен ажырату кезінде кабельден емес, штепсельді айырдан тарту қажет.
- Желі бауын аспапты айналдыра орамаңыз, әсіресе бұйым әлі суымай тұрған кезде.
- Бұйымды жаңбырдан сақтаңыз. Далада ашық аспан астында сақтауға болмайды.

## Дайындық

### Су сауытын толтыру

- ➔ Су резервуарының (Сүрет 1) суармалы келте құбырын (7) ашыңыз.
- ➔ Су резервуарының ішіне 0,5 литр шамасында су құйып, оны толтырыңыз.  
**Нұсқау:** Кәдімгі құбырлы суды қолдануға болады. Бірақ суда уақыт өте келе таттың пайда болуына әкелетін кальций болатындықтан, 50% құбыр суынан және 50% деминералданған судан тұратын қоспаны пайдалану ұсынылады.
- ➔ Су резервуарының (7) суармалы келте құбырын қайтадан бұраңыз.

**Нұсқау:** Бу қазан аутоматты түрде резервуарының ішіндегі сумен қуаттанады. Бұйымды алғашқы рет іске қосу алдынан су резервуарын екі рет толтыру керек.

### Су сүзгісі бар сауытын толтыру

- ➔ Су сүзгісі бар сауыттың тұтқасын (18) көтеріңіз де (Сүрет 2), су сүзгісі бар сауытын (17) тартып алыңыз (Сүрет 2).
- ➔ 4 суретте көрсетілгендей тұтқаны бұрап, су сүзгі элементтері (19) тартып алыңыз.
- ➔ Су сүзгісі бар сауытын (17) су деңгейі көрсеткішті MAX H<sub>2</sub>O жабып, құбыр суымен толтырыңыз (Сүрет 5).
- ➔ Су сүзгісі бар сауытына толы қақпақ көпіршік болдыртпаушысын (Foam Stop) құйыңыз.

**Нұсқау:** Сорғыш құралдың жұмысының негізі - тартылып отырған ауаның су сүзгісі ішінде құйындауы. Осы жұмыс уақытында сорылып тартылып отырылған заттар мен еден жуудан тазалау бұйымдарының қалдықтары бірге су булармен бірге жиналады. Кейбір жағдайларда бұл көпіршіктің пайда болуына апаруы мүмкін. Осыған жол бермеу үшін су сүзгісіндегі буларға

көпіршік болдыртпаушыны құйыңыз. Осы көпіршік болдыртпаушы қоршаған ортаға зиян келтірмейді, толығымен биологиялық түрде өз-өзімен іріткілінеді. Жұмыс уақытындағы біраз көпіршіктенуі қалыпты, бұл бұйым функциясына ешбір ықпал етпейді.

- ➔ Су сүзгі элементті (19) қайтадан су сүзгісі бар сауыттың ішіне (Сүрет 17) орнатыңыз.
- ➔ Су сүзгісі бар сауыттың тұтқасын (18) көтеріңіз де, су сүзгісі бар сауытын (17) қайтадан бұйымның ішіне орнатыңыз.
- ➔ Су сүзгісі бар сауыттың тұтқамен бекуі пайда болу үшін тұтқаны бастапқы күйге қойыңыз.

## Қолдану

Қолдану кезінде бұйымды көлденең тұрысқа қою керек.

**⚠ Назар аударыңыз:**

**Су сүзгісі бар сауытын қолдану кезінде әрқашан толтырған болу керек.**

- ➔ Электр розетка қақпағын ашыңыз (9); бу штекерді (B1) электр розеткасына енгізіңіз, осы кезде Сіз шертпек естуіңіз керек. (Сүрет 6).
- ➔ Электр ашасын тиісті электр розеткасына салыңыз.

### Жабдықтарды қосу

Барлық жабдықтар келесі жолмен бекітіле алады: бірден тұтқаға (A) немесе бусорғыш түтіктерге (C).

**Нұсқау:** Тұтқа (A) буды байқаусызда шығаруды болдырмайтын, балалардың қауіпсіздігін сақтайтын қорғаныспен (A2) қамтамасыз етілген. Егер шланг қысқа мерзімге қараусыз қалса, балалардан қорғанысты (A2) қосу ұсынылады (солға қарай басыңыз). Буды қайтадан жіберу үшін, балалардан қорғанысты өшіру қажет (оңға қарай басыңыз).

**Бумен өңдеу және сорып алу үшін арналған жабдықтар**

- Тұтқаны немесе сорғыш түтікті қажет жабдықпен қосыңыз, осы кезде оның бекітілуі болу қажет (Сүрет А).
- Жабдықтарды пайдаланар алдында, олардың бекітілулерінің сенімділігін тексеріңіз.
- Ажырату үшін: батырманы (А5; С1) басып, оны басылған күйі ұстай тұрыңыз да, жабдықты ажыратыңыз (Сүрет В).

### **Сорып алу үшін ғана арналған жабдықтар**

- Тұтқаны немесе ұзартқыш түтікті қажет жабдықпен қосыңыз, осы кезде оның бекіткішінің бекітулі болуы қажет емес (Сүрет А).

### **Сорып алу қолдану**

Бұл бұйыммен шаң мен сулы заттар соруға болады.

#### **⚠ Назар аударыңыз!**

*Кездейсоқ бу шығарынд дыны болдырмау үшін балалардан қорғанысты (А2) қосу керек.*

- Негізгі қосқышты (1)басыңыз.  
*Бақылау шамдардың бірінші сатысы - Сору күші (5) ыпылықтай бастайды.*
- Тұтқадағы (А) батырманы Сорып алу (А3) басыңыз да, бірден жіберіңіз.  
*Сорып алу ең аз қуаттан басталады. Бақылау шамбардың екінші сатысы - Сору күші (5) үнемі жанып тұрады.*
- Соруды тоқтату үшін батырманы Сорып алу (А3) басыңыз да, бірден жіберіңіз.

**Нұсқау!** *Сору функциясын қайта қосқан кезде, бұйым осыдан бұрын қойылған сорғыту күшпен жұмыс істей бастайды.*

#### **Сору күшінің күйге келтіруі**

Сіз өңделетін төсемге байланысты сору күшіні таңдай аласыз.

- Батырманы Сорып алу (А3) басыңыз да, оны басылған күйі ұстай тұрыңыз.  
*Сору күші тұрақты жоғарылай бастайды, ең жоғары деңгейге жеткенде, ол тұрақты төмендей*

*бастайды. Сол бақылау шамблар - Сору күші (5) бойынша көрсетіледі.*

- Саты 1: Перделер үшін
- Саты 2: Жұмсақ жиһаздар мен жастықтар үшін
- Дәреже 3: Кілемдер үшін
- Саты 4: Қатты едендер үшін және сулы заттар сору үшін.

**Нұсқау:** *Саты нөмірі бақылау шамыл - Сору күші көрсеткішіне сәйкес болады.*

### **Су сүзгісі**

- Су сүзгісі бар сауытында (17) кір суды ең жоғары деңгейіне жеткен кезде, сору функция аутоматты түрде қамалып жабылады (осыны қозғалтқыштың жоғары айналымдарынан естуге болады).

#### **⚠ Назар аударыңыз!**

*Бұйымды өшіріп қойыңыз. Егер осы кезде бірден бұйымды қайта қоссаңыз, онда бұл шығудағы ауа сүзгісіне зиян келтіруі мүмкін.*

- Жұмысты жалғастырудан бұрын, «Су сүзгісі сауытың босату және тазалау» бөлімде көрсетілген нұсқаулыққа сәйкес тазарту жұмысын жүргізу қажет; тазалау жұмысын аяқтаған кезде, суды қайтадан қажет деңгейге дейін құю қажет.

### **Бумен өңдеу қалдану**

- Негізгі қосқышты (1)басыңыз.  
*Бақылау шамдардың бірінші сатысы - Сору күші (5) ыпылықтай бастайды.*
- Бу қазанының ажыратқышын (2) басыңыз, ол осыдан кейін жарқырай бастайды.
- Бақылау шамы - Қысым көрсеткіші жанғанша тосыңыз. Енді бұйым бумен өңдеу режимінде жұмыс істеуге дайын.
- Тұтқадағы батырманы Бумен өңдеу (А4) басыңыз.  
*Батырма (А4) басылып тұрған жағдайда ұсталып тұрған кезге дейін жіберіліп тұрады.*

- Бұмен өңдеу қолдануды тоқтату үшін батырманы Сорып алу (A3) басыңыз.

### Бу шығуын тоқтату

Бу реттеуге (8) арналған бұрау ауыстырып - қосқышын айналдыру арқылы (Сүрет 7) бу шығуын тиімді етуге болады.

- Бу шығуын көбейту үшін:  
Ауыстырып-қосқышты сағат тілімен бұрыңыз.
- Бу шығуын аздату үшін:  
Ауыстырып-қосқышты сағат тіліне қарсы бұрыңыз.
- **Жеңіл бу:** (Позиция 1-2)  
Өсімдіктерге су бұрку үшін, маталарды, тұсқағаздар, жұмсақ жиһаздар тазалау т. б. үшін.
  - **Қалыпты бу:** (Позиция 3)  
Кілем салынған едендер, кілемдер, әйнек беттер, едендер үшін.
  - **Қатты бу:** (Позиция 4-5)  
Қатты кірлерді, дақтарды және майды кетіру үшін.

### Су резервуарына суды еселеп құю

Су резервуарын кез келген кезде қайта толтыруға болады.

**Нұсқау:** Қашанда бу қазанында судың жеткіліксіз мөлшері кезінде, сорғыш аутоматты түрде суды су резервуардан бу қазанға жібереді. Бос су резервуар кезінде, сорғыш бу қазанды қуаттандыра алмайды да, бу шығыны қамалып жабылады.

- Су резервуардағы су мөлшерінің жеткіліксіздігі туралы бақылау шамы - Судың аздығы (3) мен дыбыс белгі береді.
- Жұмысты жалғастыру үшін «Су сауытын толтыру» бөлімдегі суреттеуге сәйкес жұмыстарда орындау қажет.

### Бұмен өңдеу және сорып алу режимі

- Негізгі қосқышты (1) басыңыз.  
*Бақылау шамдардың бірінші сатысы - Сору күші (5) ыпылықтай бастайды.*
- Бу қазанының ажыратқышын (2) басыңыз, ол осыдан кейін жарқырай бастайды.
- Бақылау шамы - Қысым көрсеткіші жанғанша тосыңыз. Енді бұйым бұмен өңдеу режимінде жұмыс істеуге дайын.
- Бір мезетте тұтқадағы (A) батырмасын Бұмен өңдеу (A4) және қысқа мерзімге батырмасын Сорып алу (A3) басыңыз.  
*Сорып алу режимі ең аз қуаттан басталады, ал бір мезетте бу жіберіліп тұрады.*

Функцияны дұрыс пайдалану үшін, келесі бөлімдерді оқып шығуыңызды өтініміз: «» және «».

### Жабдықтарды уақытша қою

Жұмыста қысқа үзілістер кезінде, бусорғыш түтікті парктік бекіткішке (14) орнатылуы мүмкін (Сүрет 9).

### Жұмысты аяқтау

- Негізгі қосқышты (1) басыңыз.
- Желілік кабелін электр розеткасынан шығарып алыңыз.
- Бу штекерін (B1) бұйымнан шығарыңыз. Бұл үшін бу штекерінің бекіткішін (B2) басып, басқан күйі ұстай тұрыңыз, бу штекерін бұйымның розеткасынан шығарып алыңыз (Сүрет 6а).

### Бұйымды сақтау

**Бұйымды сақтауға жинамас бұрын, пайдаланылған жабдықтарды тазалау қажет.**

- Барлық жабдықтарды ажыратыңыз.
- Барлық жабдықтарды таза сумен жуып, олардың кебуін тосыңыз.

## Су сүзгісі бар сауытын босату және тазалау

- Су сүзгісі бар сауыттың тұтқасын (18) көтеріңіз де (Сүрет 2), су сүзгісі бар сауытын (17) тартып алыңыз (Сүрет 2).
- 4 суретте көрсетілгендей тұтқаны бұрап, су сүзгі элементтері (19) тартып алыңыз.
- Су сүзгісі бар сауытты төгу құралына қарай еңкейтіп, суды төгіңіз (Сүрет 10).
- Микроперфорирлеуі бар торлы сүзгі корпусынан (22) бұрылғышты толық шешу үшін бұрылғышты корпусынан тартыңыз (Сүрет 11a).
- Барлық құрамдас бөліктерін шешіп, оларды ағынды сумен жуыңыз. (Сүзгінің ақаулықтары болса, оны ауыстыру қажет. Жаңа сүзгіні сатып алу үшін Қызмет Көрсету бөлімінің арнайы мамандарымен хабарласыңыз).
- Су сүзгі элементті (19) қайтадан су сүзгісі бар сауыттың ішіне (Сүрет 17) орнатыңыз.

### **⚠ Назар аударыңыз!**

*Бұрылғыштағы (23) тіл микроперфорирлеуі бар торлы сүзгідегі (22) белгімен сәйкес (Сүрет 11b) болуын қадағалаңыз.*

- Желілік кабелін біркелкі жинаңыз да желілік кабелі үшін орнына салыңыз (13) (Сүрет 8).
- су сүзгісі бар сауытты (17) тағыда қажет жағдайға орнатып, оның дұрыс орнатылғанын қадағалаңыз.

## Жабдықтарды қолдану

Теріні, ерекше маталарды немесе ағаш төсемдерді өңдеген кезде, жасап шығарушы нұсқаулықтарын оқып шығу қажет және жұмысты бастамас бұрын, алдымен үлгіде немесе көрінбейтін жерде жұмысты жасап көру қажет. Түс немесе формасының өзгеруін тексеру үшін, бұмен өңделген төсемдер кебулері керек.

Ағаш төсемдерді (жиһаз, есіктерді, т. Ағаш төсемдерді (жиһаз, есіктерді, т. б.) өңдеген кезде өте сақ болуыңызды ұсынамыз, себебі бұмен тым ұзақ өңдеу балауызды беттерге, төсемдердің жылтырауына немесе сырына зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан осындай төсемдердің беттерін бұмен қысқа өңдеу қажет немесе тазалауды алдын ала бұмен өңделген маталы майлықпен жасау керек.

Әсірсе сезімтал төсемдер үшін (мысалы, синтетикалық материалдар, лакталған беттер, т. б.) ең аз қуатты бұмен өңдеу функциясын пайдалану ұсынылады.

### **Еден жууға арналған шүмегі (D)**

Біз ауқымды едендерге, керамикалық, мәрмәр едендерге, паркет (тек қана сорудың ең жоғары қуатымен және буды жіберудің ең аз мөлшерімен), кілемдерге, т.б. еден жууға арналған шүмегін келесі үстемелерді қолдану арқылы пайдалануды ұсынамыз.

- Қылды тілімшелер (D1): құрғақ сору үшін
- Эбонитті тілімшелер (D2): кілем беттерді тазалау және жаңарту үшін
- Резіңке тілімшелер (D3): тегіс беттерден сұйықтықтарды жинау үшін.

### **Үстемелерді орнату**

- Бар үстемелер жанынан алынады.
- Қажет үстемелер жанынан орнатыңыз (Сүрет C).

**Нұсқау:** Қуыстары бар қылды тілімше шүмегінің алдынан орнатылады, ал

*екінші тілімше шүмегінің артына орнатылады.  
Резіңке тілімшені (D3) орнатқан кезде, тегіс жағы ішіне қарап тұруын қадағалаңыз.*

### **Булы сору нүктелі ағын шүмегі (E)**

Нүктелі ағын шүмегін қол жетуге қиын жерлерге қолдану ұсынылады.

Нүктелі ағын шүмегіні келесілер үшін қолдануға болады:

- Қылшақты пайдалану алдында кілем төсемдеріндегі немесе кілемдегі дақтарды өңдеу үшін.
- Тат баспайтын болатты, әйнек беттерін, айналарын және эмальды төсемдерін тазалау үшін.
- Тепкішектердің бұрыштарын, терезені мен есіктің жақтауыларын, алюминий профильдерін тазалау үшін.
- Арматураларды тазалау үшін.
- Терезе қақпақтарын, радиатораптарын, көлік ішіні тазалау үшін.
- Бөлме өсімдіктерге қашықтықтан су бүрку үшін.

Нүктелі ағын шүмегі келесі жабдықтармен қатар бірге қолдануға болады.

- Цилиндрлік қылшақ (E2) плиталардың жылытқыш элементтері, жалюзи, плитка арасындағы тігістер, санитарлы құрылғылар, әсіресе кішкентай төсемдердегі тұрақты кірлер үшін.
- Ұзартқыш (E1): Осы құрылғының көмегімен оптималды тазалауға қол жеткізуге болады. Батареяларын, есіктің жақтауыларын, терезелерін, жалюзи, санитарлы құрылғылар, т. б. тазалауға ең идеалды келеді.

### **Булы сору қол шүмегі (F)**

Сору қол шүмегін үлкен шыны және айна беттерге, толық тегіс беттерге немесе дивандай, матрастай, т.б. маталы беттерге қолдану ұсынылады.

Қол шүмегі келесі жабдықтармен қатар бірге қолдануға болады. Бұл үшін жабдықтар шүмегіне суретте D көрсетілгендей киіледі. Қылшақтардың жоғары жағылар «Жоғары жақ - Upper Part» таңбамен белгіленген.

- Кішкентай қылшағы (F1) Шет тақтайлары бар терезелердей және айналардай кішкентай беттерін тазалау үшін.
- Үлкен қылшағы (F2) Терезе әйнектерін және қабырғаға арналған кафельдей үлкен беттерін тазалау үшін.
- Қылшақтары бар диск (F3): Кілемдердің, тепкішектердің, машиналардың ішінін маталы беттерін бұлайша тазалау үшін (алдымен көрінбейтін жерде жұмысты жасап көру қажет). Қылшаққа сонымен қатар түкті матадан жасалған тысқап (F4) кигізуге болады.

### **Терезелерді тазалау**

Терезелерді дұрыс тазалау үшін келесі жолмен жұмыс істеу керек:

- Кірлерді кетіру үшін өңделетін төсемге буды біркелкі жіберу керек.
- Қылшақты тазалау бетіне басу керек те, оны қосылып тұрған сору функцияда тік жоғарыдан төменге жіберу керек.

### **▲ Назар аударыңыз!**

Әсіресе суық ауа райы жыл мезгілдерінде әйнекті 50 см қашықтықтан өңделетін төсемге бу жіберу арқылы алдын ала жылытып алу керек.

### **Арнайы жабдықтар**

**Цилиндрлік қылшақтар комплекті** (Тапсырыс № 2.860-231) 4 нүктелі ағын шүмегінің түрлі-түсті цилиндрлік қылшақтар.

**HEPA сүзгісі** (Тапсырыс № 2.860-229)

## Күту, жөндеу

### ⚠ ҚАУІП

Күту мен жөндеу бойынша жұмыс істеу тек қана шығарылған желі ашасы және суыған бұйымы ғана рұқсат етіледі.

### Күту

Жабдықтарды алып тастамас бұрын, олардың толық кепкенін тосыңыз.

- Қылшақтарды суыту кезінде және кептіру кезінде қылдың үстіне қоймаңыз, себебі ол деформациялануы мүмкін.
- Бұйым корпусын сыртынан тазалау үшін тек қана дымқыл майлықты қолданыңыз. Еріткіштер мен жуғыш заттарды қолданбаңыз, себебі олар пластик беттерге зиян келтірулері мүмкін.
- Су сүзгісі бар сауытынын тазалау және кеуекті сүзгіні (21) тазалау немесе ауыстыру кезінде «» бөлімдегі суреттеуге сәйкес әрекет ету қажет.

### Жөндеу

- Бу штекеріндегі (B1) тығыздауыштардың герметивтілігін тексеріп отырыңыз. Қажет жағдайда оларды ауыстырыңыз. Сонымен қатар бусорғыш түтіктер (C) қосылысындағы тығыздауыш пен тұтқаны (A) тексеріңіз.

### HEPA сүзгісі

Бұйым Сіз ағынды суда тазалай алатын HEPA сүгімен (15) қамтамасыз етілген.

- ➔ Су сүзгісі бар сауытты (17) «» бөлімде көрсетілген нұсқаулықтарға сәйкес шешіңіз.
- ➔ HEPA сүзгіні шығару тұтқышын көтеріп (16), сүзгіні оның орнынан (Сурет 12) тартыңыз.
- ➔ HEPA сүзгіні суық ағынды сумен жуыңыз. Тазалаудан кейін кірдің қалдықтары мен судың артығын алып тастау үшін сүзгіні абайлап қағыңыз.

**Нұсқау!** HEPA сүзгіні жарық пен жылу көздерінен ары таман ауада кептіріңіз. HEPA сүзгісіні бұйымға тек қана құрғақ күйінде енгізіңіз.

- HEPA сүзгісінің ақаулықтары болса, оны ауыстыру қажет.
- HEPA сүзгіні тазалау әрбір 4 ай сайын жасалып отыру тиіс.
- Бекіткіштерде HEPA сүзгісінің дұрыс тұруына көзіңізді жеткізіңіз. Содан кейін тұтқышты (16) жауып тастау керек. (Сурет 12).

### ⚠ Назар аударыңыз!

- HEPA сүзгіні қылшақпен тазаламаңыз, себебі оған зиян келіп, сүзгілеу қызметі бұзылуы мүмкін.
- Жуғыш заттарды қолданбаңыз, HEPA сүзгіні ысқыламаңыз және оны ыдыс жууға арналған комбайнда жумаңыз.
- HEPA сүзгіні сатып алу үшін Қызмет Көрсету бөлімінің арнайы мамандарымен хабарласыңыз.

### Қосалқы бөлшектер

Тек қана түпнұсқалық KARCHER қосалқы бөлшектер қолданыңыз.

Қосалқы бөлшектердің суреттемесі осы нұсқаулықтың соңында берілген.

## Кедергілер болғанда көмек алу

Кемшіліктердің себебін астыда көрсетілген тізімге сәйкес Өзіңіз жоя алуыңыз мүмкін. Күдікті жағдайларда немесе осында аталған емес себебі жағдайларда Қызмет Көрсету бөлімінің арнайы мамандарымен хабарласыңыз.

### ⚠ Қауіп

*Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыс істеу тек қана шығарылған желі ашасы және суыған бу тазалағышы кезінде ғана рұқсат етіледі.*

*Бұйымды жөндеу жұмыстары тек қана осы жұмыстар үшін рұқсаты бар арнайы мамандар арқылы ауыстыртып алуыңыз тиіс.*

### Сору функциясы жұмысын бастамайды.

**Желілік кернеу жоқ.**

→ Желі ашасы мен ұясын тексеріңіз.

### Сору қасиеті төмендейді.

**Шүмегі, сору шлангі немесе сорғыш түтігі тығындалып қалды.**

→ Су сүзгісі бар сауыттын тазалаңыз. Қажет жағдайда түтіктердегі мен жабдықтардағы қоқымдарды алып тастаңыз.

→ Су сүзгісі бар сауытта суды ауыстырыңыз.

**HEPA сүзгісі тозған.**

→ HEPA сүзгіні ауыстырыңыз.

### Тазалау қасиеті төмендейді.

**Су сүзгісі бар сауытының су өте ластанған**

→ Су сүзгісі бар сауытында суды ауыстырыңыз.

### Сұйықтықтарды сору кезінде су шығуы болады.

**Қалқығыш қосып-өшіргіші жабылған.**

→ Су сүзгісі бар сауытының қақпақшасыны тазалаңыз.

## Шаңсорғыш сормай тұр.

**Қалқығыш қосып-өшіргіші жұмыс істеп кетті.**

→ Шаңсорғышты өшіріп қойыңыз, резервуарға суды дұрыс деңгейге дейін құйыңыз да, бұйымды қайтадан қоссаңыз.

## Техникалық мағлұматтар

### Электр қуатқа қосу

Электр кернеуі 220-240 V  
1~ 50 Hz

Қорғау дәрежесі IP X4

Қорғау классы I

### Жұмыс параметрлері

Қазанның қолдану қуаты 1250 Вт

Турбинаның кернеу қуаты 1050 Вт

Ең жоғарғы бу қысымы 0,4 МПа  
(бар)

Ыстық су жылыну уақыты 10 Минут  
бір литрге су

Ең жоғарғы бу мөлшері 80 г/мин

### Толтыру мөлшері

Бу қазаны 1,2 л

Су сауыты 0,5 л

Су фильтр сауыты 1,2 л

Резервуар сыйымдылығы 0,6 л

### Көлемі

Ұзындығы 500 мм

Жалпақтығы 330 мм

Биіктігі 330 мм

Бұйымның керек-жарақтарсыз салмағы 10,5 кг

**Техникалық өзгерістер пайда болып қалуы мүмкін!**



**ЧИСТАЯ**  
**КОМПАНИЯ**

Чистая компания

**8 (800) 250-39-39**

Звонок по России бесплатный

[www.chisto.ru](http://www.chisto.ru)

[sales@chisto.ru](mailto:sales@chisto.ru)